

Атырау облысы — Батыс Қазақстанда орналасқан облыс. 1938 жылы Гурьев облысы деген атымен құрылған. 1992 жылы қазіргі атауына ие болды. Солтүстігінде Батыс Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе облысымен, оңтүстік-шығысында Маңғыстау облысымен және батысында Ресейдің Астрахан облысымен шектеседі. Сондай-ақ оңтүстік шекарасы Каспий теңізіне келіп тіреледі.

Облыс орталығы - Атырау қаласы.

Атырау облысының жер бедері

Облыс аймағы Каспий ойпатының солтүстік-шығыс бөлігін, Жем қыраты мен Үстірттің батыс шетін, Каспий теңізінің солтүстік бөлігін алып жатыр. Жері солтүстігінен оңтүстікке қарай аласара түсетін Ойыл, Сағыз, Жем өзендері салаларымен тілімденген.

Нарын құмы (сары түсті)- Атырау облысындағы ең үлкен құмды массив. Бұл аймақты Жем қыраты мен Үстірттің батыс сілімдері Доңызтау (214 м), оның бөліктері Желтау (221м), Тамды (175) жоталары алып жатыр. Қайнар мен Жем өзендері араларында Иманқара (199м) Қойқара қыраттары, Қарамұрат жоны, Алабие, Аққұдық, Қабылан жоталары орналасқан. Олар ақшыл ізбес тастан тұрады. Жайық өзенінің сол жақ жағалауында Индер тауы орналасқан. Таудың биіктігі 52 м., ұзындығы 25-30 км, ені 10 км-ге жуық.

Каспий маңы ойпатының оңтүстік және оңтүстік батыс бөліктерінде құмды шағылдар көп тараған. Еділ өзенінің сол жағалауы мен Каспий теңізінің жағалықтарын Нарын құмы мен Мыңтөбе құмы, Қосдәулет, Ботай құмдары, Ойыл мен Сағыз аралығын Тайсойған, Бүйрек құмдары, облыстың шығысын Каспий маңы Қаракұмы алып жатыр. Бұл құмдардың ең үлкені –Нарын құмы. Атырау аумағында кең тараған жер бедерінің бір түрі- сорлар. Олардың тереңдіктері 5-10 м-ге жетеді. Ресей шекарасының батыс бөлігінен Еділ өзені ағып өтеді. Каспий теңізіне құятын Еділ және Жайық өзендерінің аралығының барлық дерлік бөлігін Атырау облысы алып жатыр. Географиялық тұрғыдан облыстың солтүстік-батыс жағы Еуропада, ал бүкіл шығыс жағы Азияда, негізінен шөлейттік аймақта жатыр.

Сонымен қатар Атырау аумағында тақырлар кездеседі. Ең үлкен тақыр Намаз тақыры деп аталады. Ол облыстың солтүстік- шығысында орналасқан.[4]

Геологиялық құрылымы

Толық мақаласы: Атырау облысының геологиялық құрылымы

Геологиялық тұрғыдан алғанда Атырау облысы көне Шығыс Еуропа платформасына ендеп кірген Каспий маңы ойпатының оңтүстік жағалауын алып жатыр.

Атырау облысының шегінде ендік бағыты бойынша 500 км-ге созылған, ені 90—140 км Солтүстік Каспий — Биікжал аймағы бар. Оңтүстік жағында Оңтүстік Жем ылдиымен көмкеріледі, мұндағы іргетастың беті 12—13 км тереңдікте жатыр.

Іргетастың үстінде шөгінді қорабы бар, ол тұз асты, тұзды, тұз үсті кешендеріне бөлінеді, палеозой және мезокайнозой кезеңдерінде қалыптасқан, жыныстарының жалпы тереңдігі 12—14 км-ден асады. Қаратон—Теңіз аймағында бірыңғай карбонатты кешен қалыптасқан.

Геофизикалық зерттеулердің мәліметтері бойынша оның жалпы қалыңдығы облыстың Солтүстік Каспий аймағында 1,5—3 км-ге дейін, Каспий маңындағы ойпат ернеуінің оңтүстік-шығысында 8—10 км- ге дейін өзгеріп отырады. Тұз асты кешенінің күмбезі оңтүстігінде Оңтүстік Жем инверсиялық биігінен солтүстіктегі ойпаттың орталығына қарай моноклиналды түрде енеді. Тұз асты кешенінің моноклиналды енуінің аясында 3,5—3,8 км-ден 6,0—6,4 км-ге дейінгі тереңдіктен көптеген жергілікті қатпарлар, көлемі мен аумағы жөнінен әр түрлі, көтерілетін жерлердің жолағын құрайтын белгілер ерекшеленеді. Ерекшеленген төбешіктердің ұзындығы 6—20 км-ге дейін, ені 100-300 м-ден 2—13 км-ге дейін құбылып отырады.

Юралық-бор шөгінділер жағалаулық-теңіздік және теңіздік-терригенді, терригенді-карбонатты шөгінділер түрінде кездеседі. Бұл шөгінділердің қалыңдығы облыстың солтүстік бөлігінде 0,3—0,5 метрден Прорва аймағында 3 км-ге дейін өзгеріп отырады.

Тұтастай алғанда облыстың тектоникалық дамуында жауын суының жиналу жағдайындағы сияқты сабақтастық байқалады. Сабақтастық мезгілі жөнінен геологиялық кезеңдерге сәйкес келеді. Аймақтың жоғарғы пермдік-триастық, [юра-палеогендік](#), [неоген-төрттік](#) даму кезеңдері айқын көрінеді.

Климаты

Атырау облысында континенттігі тым басым климат қалыптасқан. Облыс табиғи ылғалдылығы жеткіліксіз, [аңызак](#) желді, шаңды [дауылды](#), жазы ыстық, [куаң](#), қысы қарсыз (не жұқа қарлы) болып келеді.

Шаңды дауылдар Атырау облысында жиі болады

Ең ыстық айы — [шілде](#), ауасының орташа температурасы 24—25°C, жалпы ыстық 35-40°C, кейде одан да астам болады.

Жауын-шашынның жылдық мөлшері 220—230 мм, қуаңшылық жылдары жауын-шашын мөлшері 80 мм-ден аспайды, ал ылғалдың жер, су бетінен ауаға булану мөлшері 1000 мм, кейде одан да астам болады. Облыстың солтүстігінде жыл бойына оңтүстік бағыттағы желдер басым болады. Оңтүстік аудандарда құрғақ шөлді жерлерде қыста шығыс бағыттағы желдер жиі соғады (қарқындылығы 6-7 м/сек), ең күшті желдің қарқындылығы 15 м/сек. жетеді де жыл ішінде 50 күндей соғады. Жел жаз айларында түрлі бағыттардан өзгеріп соғып отырады. Көбіне солтүстік-батыс, оңтүстік-батыс, оңтүстіктен соғатын желдер басымырақ келеді. Оңтүстік желдер аңызықтығымен, құрғақ әрі ыссылығымен ерекшеленеді.

Қыс маусымы ауасының [қаңтардағы](#) орташа температурасы —8°C, — 12°C, қиыр оңтүстігінде — 5°C, —6°C. Қыста жел негізінен шығыс (оңтүстік-шығыс және солтүстік-шығыс) бағытында соғады, қарқындылығы 6—7 м/сек. Жылдық жауын-шашын мөлшерінің жартысынан астамы қыста түседі.

Пайдалы қазбалары

Облыстың жер қойнауында қалың шөгінді қабаттармен байланысқан әр түрлі [пайдалы қазбаларға](#) мол.

Олардың ішінде қоры аса бай әрі негізгісі [мұнай](#) болып табылады.

Мұнай-газдан басқа пайдалы қазындылар ішінен облыс экономикасы үшін маңыздылары ретінде [борат](#) және борат тұзды кендерді, [ас тұзын](#), калийлі, магнийлі жыныстарды атауға болады. Құрылыс индустриясы шикізаттарынан [бор](#), бор-мергельді жыныстар,[гипс](#), [ангидрит](#), сазды, құмды әктастар, сондай-ақ битуминозды жыныстар (кирлер) мен тұщы және минералды су көздері бар.

Борат кені дүние жүзінің бір-ақ жерінен, тек Атырау облысының қойнауынан ғана табылып отыр. Сондай-ақ күкірт, құм-қиыршық тас қосындылары, отқа төзімді [керамзит](#) және кірпіштік саздар, ұлутас, шипалы балшық, қоңыр көмір мен минералды бояулар жасауға жарамды саз шөгінділері бар.

Топырағы

Жалпы Каспий маңы ойпатының, сондай-ақ Атырау облысының топырақ жамылғысының құрылымы өзінің түзілу факторлары мен құрамының сан алуандығына байланысты өте күрделі болып келеді.

Негізінен мұнда топырақ таралуының ендік белдеулілігі басым қалыптасқан, яғни топырақтың бір түрінің қабаты ендік бағытқа қарай созыла шашыла түзіледі де, теңізге жақындаған сайын келесі түрмен жиі және әлденеше рет ауысып отырады.

Шалғынды [аллювийлі](#) қуаң топырақ ([Жайықтың](#) екі жағындағы кең [жайылмаларында](#) ғана тараған, құнарлы қабаты 70 см-ге дейін, негізі — аллювий шөгінділері).

Бозғылт- құмды топырақ ([Нарын](#), Тайсойған және [Ментеке](#) өңірлері). Батпақты-тұзды саз топырақ (ойпаттың теңіз жағалауына ұласатын бөлігі, гумус қатапшы, шикі шымтезек аралас келеді, аса кепкен жерлерінде [бэр төбешіктері](#) қалыптасқан).

Автоморфты [қоңыр](#) не сұр қоңыр топырақ (Жайықтың екі жағында да, әсіресе сол жағында Тайсойғанға дейінгі өңірді, Ойылдың сағалық бөлігін қамтиды, біршама құнарлы келеді, гипс пен тұз кабаттарының үстінде түзілген, облыс жерінің 20%-ынан астамын алады)

Тақыр және батпақты Теңіз жағалауының топырақ құрамының ішінде 2 млн. гектар жері ащы-ашқылтым топырақтар. Бұл аймақ бұйырғынды, күзгі-қысқы жайылымға пайдаланады. Тиісті ылғалдылық жетпеуінен олар қатқылдыққа айналып, өсімдіктердің еркін өсуіне мүмкіндік бермейді. ^[3]

Сортаң топырақ -облыс аумағында өте көп тараған. Топырақтың беткі қабатына тұзы шығып жатады. Мұнда тұздың мөлшері 8-10 % -ке дейін жатады.

Өзендері мен көлдері

Атырау облысының жер беті сулары Еділ өзенінің сол жақ тармақтарынан, Жайық, Ойыл, [Жем](#), [Сағыз](#) өзендерінің төменгі ағыстарынан және үлкенді-кішілі көлдерден тұрады. Негізгі өзені [Жайық](#) өзені.

Жайық өзені Атырау облысында
Қамыскөл көлі Құлсары маңында.

Өзендері. Өзендердің жинайтын суларының тек 10-20 %-ы ғана өз облыс аумағынан, ал қалған суын басқа аймақтан әкеледі. Жайық өзені кеме арқылы әр түрлі жүк және жолаушы тасымалдауға пайдаланылады, балық ауланады. Ал қалған өзендері егістікке, шабындықты суландыруға және мал суару үшін ғана пайдаланылады. Ірі өзендері [Жайық](#), [Жем](#), [Ойыл](#), [Қайнар](#). Сол сияқты Бақсай, Бүгілөзек, Бағырлысай, Ақсай өзендерінің жергілікті маңызы бар. Облыс аумағында Еділ өзеніндегі салалардың тармақтары –Ахтуба, Бозан, [Қиғаш](#) т.б. өзендер бар.

Көлдері. Облыста екі мыңнан астам көлдер бар. Олардың жалпы көлемі 800 шаршы шақырым шамасында. Облыс көлдері тұйық, ағынсыз болып келеді. Облыста Дүние жүзіндегі ірі көл – [Каспий теңізі](#) бар. Республика аумағындағы жағалау сызығының ұзындығы 2340 ш. Оның жартысына жуығы Атырау облысына тиеді. [Индер](#) көлінен құрамында бром калийі бар жоғары сапалы тұз өндіріледі. [Жалтыр көліне](#) Бағырлысай, Бүгілөзек секілді шағын өзендер құяды. Бұдан басқа екі мыңнан астам шағын көлдер бар. Олар: Қамыскөл, Мешер, Дәулет, Толай-сор. Олардың 65-70%-і жаз кезінде құрғап қалатын уақытша көлдер.

Жер асты сулары. Облыс аумағында жер асты су қорларының алты су кен орны ашылған. Оның төртеуінің суы пайдаланылуда. Олардың ең үлкені және қоры молы Тайсойған, Бүйрек және Қоянды құмдарында орналасқан. Қабатының тереңдігі 50-120 м, қалыңдығы 30-70 м.

Әкімшілік бөлінісі

Толық мақаласы: [Атырау облысының әкімшілік бөлінісі](#)

Облыста 2 қала (облыстық маңызы бар – Атырау, аудандық маңызы бар – Құлсары), 65 ауылдық (селолық) округтер, 174 селолар (ауылдар) орналасқан. Облыс құрамына 7 аудан кіреді.

Атырау облысы аудандарының орналасуы

1. Жылыой ауданы
 2. Индер ауданы
 3. Исатай ауданы
 4. Қызылқоға ауданы
 5. Құрманғазы ауданы
 6. Мақат ауданы
 7. Махамбет ауданы
- Белгіленбеген аумақ -Атырау қалалық әкімшілігінің ауданы

Қалалары

[Атырау](#)

[Құлсары](#)

Аудандары

Атырау облысындағы аудандар

Аудандар	Аумағы (мың км ²)	Халқы (мың адам) ²⁰¹⁹	Орталығы	Құрылған жылы	Әкімшілік бөлінісі
Қызылқоға	24,9	30,5	Миялы	1928	10 ауылдық округ
Құрманғазы	20,9	57,3	Құрманғазы	1928	19 ауылдық округ
Исатай	14,7	26,6	Аққыстау	1928	6 ауылдық округ
Махамбет	9,6	34,8	Махамбет	1963	11 ауылдық округ
Мақат	4,9	30,3	Мақат	1938	6-кент
Жылыой	29,4	82,9	Құлсары	1928	5 ауылдық округ, 1 қалалық округ
Индер	10,9	32,1	Индербор	1933	6 ауылдық округ

Халқы

Толық мақаласы: [Атырау облысының халқы, орналасуы, этностары](#)

Облыстың халқы қалада, өндіріс орталықтарында және Жайық өзенінің екі жағалауында тығыз орналасқан. 2014 жылғы 1 қаңтарда қала тұрғындарының саны 276,8 мың (48,7%) адам, ауылдықтар 291,1 мың (51,3%) адам болды. Халықтың орташа орналасу тығыздығы облыс бойынша (1 шаршы км аумаққа) 4,8 адам құрайды. 2020 жылдың 1 қаңтарында²¹ облыс халқының саны 646 483 адам болды.

Атырау облысы халқының саны²⁰¹⁹

1940	1950	1959	1970	1979	1989	1999	2009	2019
247,4	214,3	252,0	340,3	373,4	432,3	443,7	509,1	646,4

Облыс халқының өсуі соңғы жиырма жылда байқалады. 2009 жылы алдыңғы 1999 жылға қарағанда 66 мың адам қосылып 509 мыңға жетсе, 2019 жылы 10 жылда 137 мың адам қосылып 646 мыңға жетті.

Қазір облыста 50 ұлттың өкілдері тұрады. Облыстың негізгі халқы қазақтар (92,5%). Содан кейін көп тараған орыстар (5,2%), корейлер (0,5%), татарлар (0,3%), өзбектер (0,2%), украиндықтар(0,1%), немістер (0,07%) т.б.

Барлық ұлттар	қазақтар	орыстар	корейлер	татарлар	өзбектер	украиндар	немістер	басқалары
633 791	586 802	33 411	3 170	2 306	1 577	756	480	2 283

Ұлттардың облыс аумағында таралуы бір келкі емес. Олардың басым көпшілігі қалаларда, ірі жұмысшы кенттерінде, аудан орталықтарында, Жайық өзені бойындағы елді мекендерде тұрады. Ал аудандарда негізінен байырғы халықтар қазақтар тұрады. Қызылқоға ауданында-99,8%, Исатай ауданында-99,7%, Жылыой ауданында-98,3%, Құрманғазы ауданында-97,8%, Мақат ауданында-97,6%, Махамбет ауданында-97,2 %, Индер ауданында-96,4%.

Тарихы

Археологиялық деректер бойынша Атырау қаласына жақын жатқан ең ежелгі ескерткіш Жайық өзенінің сол жағасындағы Кандаур ауылының қарсы беткейі неолит (жаңа тас ғасыры) мекені. Өзен аумағындағы халықтың сол кезден күні бүгінге дейінгі негізгі кәсібі - [мал шаруашылығы](#) болған. Сол кездегі малшылардың көне тұрақтары [Құрманғазы ауданы](#) на жақын орналасқан Қоңыр құдық, Көк Мұрын, [Қадырғали](#) құмына және жаңа Үштағанға жақын [Сазды](#) қыстағынан табылды. Тұрақтардың аумағына қарағанда бұрынғы малшылар шағын жерасты үйшіктерде өмір сүрген.

1999 жылы Атырау облысы, [Жылыой ауданы](#), Аралтөбе қорғанына Ә.Марғұлан атындағы археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жасап – Алтын киімді адам табылды.

Ғалымдардың тұжырымдауы бойынша бұл алтын киімді адамның өмір сүру кезеңі осыдан 2 мың жыл бұрынғы сарматтар дәуіріне жатады.

Сарайшық ауылы (көне қала орны)

Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі-[Сарайшық](#) қаласы.^[1] Сарайшық – Атырау облысындағы [Махамбет ауданының](#) территориясында орналасқан ортағасырлық қала. Орда дәуірінде Сарайшық Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан маңызды діни, саяси - экономикалық орталық. [Алтын Орданың](#), қазақ және ноғай хандарының алғашқы [пантеоны](#), [Қасым хан](#) тұсында [Қазақ хандығының](#) алғашқы астанасы болды. XV ғасырдан бастап Атырау өңірі Кіші жүздің тарихи орны болып қалыптасты. Қазақ халқы XVIII ғасырдың басында Алтайдан Жайыққа дейінгі ұшан теңіз даланы қамтыған бір тұтас іргелі ел болды. [Бөкей хан](#) 1801 жылы [Еділ](#) мен [Жайық](#) арасындағы отыз жыл бойы иесіз қалған ең даланы мекендеуге патшадан рұқсат алып, оған мыңдаған елді көшіріп әкеліп қондырды. Сөйтіп, бұл өңір «[Бөкей ордасы](#)» деп аталды. Бөкей ордасында феодалдық қанау мен Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы [Исатай](#) мен [Махамбет](#) бастаған ұлт - азаттық көтеріліс 1836-1838 жылдарды қамтыды.

1916 жылғы жарлыққа байланысты, ұлттық езгіге, феодалдық қанауға шыдамаған қазақ халқы қолдарына қару алып И.Таймановтың немересі Өтепқали Тайманов бастаған көтеріліс белең алды. Кейін бұл көтеріліс 1917 жылғы революцияға ұласты.

Ақ гвардияшылардың көтерілісінен кейін Атырау өлкесінде мұнай байлығы және [балық шаруашылығы](#) игеріле бастады. Ұлы Отан соғысына дейін және Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары [мұнай мен газды](#) игеру мақсатында көптеген ірі кәсіпорындардың құрылысы басталды. Егемендік алғаннан кейін облыстың экономикасы мен мәдениеті қарқынды дами бастады. Атырау өлкесі – Қазақстанның ірі индустриалдық орталығына айналды.

Өсімдіктер дүниесі

Облыстың барлық аудандарында дерлік [жусан](#), [кияк](#), [бұйырғын](#), [ебелек](#), [мортык](#), [қонырбас](#), [көкпек](#) басым өседі, бұларға қосымша көктемде ойпаттарда [селеу](#), [изен](#), [сарсазан](#), [ажырық](#) т.б. араласа шығады.

Теңіз жағасындағы батпақтарда [қамыс](#), құрақ жиі кездеседі. Шығыс жағында [ебелек](#), [мортык](#), [шытыр](#), [қаңбақ](#), [акселеу](#), [жыңғыл](#), [жүзгін](#) өседі.

Сонымен қатар облыс аумағында дәрілік, техникалық өсімдіктер де кездеседі. Олардың жалпы саны 50 ден асады. Дәрілік шөптерден облыс аумағында кездесетіндері: [алдыраспан](#), ешкі тал, [қырықбуын](#), [құмаршық](#) т.б. Жалпы Атырау облысында өсімдіктердің 945 түрі бар. Бұлардан басқа [жантақ](#), [көкпек](#), [ошаған](#), [сүттіген](#), [шырмауық](#) т.б. табиғи өсімдіктер бар. Ұлы шөптерден, [есекмия](#), [мендуана](#) кездеседі.

Қазақстанның «[Қызыл кітабына](#)» енгізілген, яғни жойылып кету қаупі төнген өсімдік түрлерінен ақтұңғыық, [берік сүттіген](#), [бор рияны](#), [бор сиякөгі](#), [бор сылдыршөбі](#), бүршікті альдрованда, [бүршікті феллориния](#), кестелі шампиньон, комаров жоңышқасы, күманды долана, қатпар гладолиус, мейер шытырмағы, [су шылымы](#), [тегеурінгүл](#), т.б. кездеседі.^[1]

Жануарлар дүниесі

Толық мақаласы: [Атырау облысының жануарлар дүниесі](#)

Атырау облысында 500 ге тарта омыртқалы жануарлар түрі және мыңдаған омыртқасыз жануарлар түрлері кездеседі. Облыс аумағында құстар алуан түрлі және кең таралған. Олардың ең басты тіршілік орындарының бірі –су және оның жағалауы. Жалпы құстардың 280-дей түрлері бар. Оның ішінде [бірқазан](#), [дегелек](#), [каз](#), [үйрек](#), [шағала](#), тырна, [дуадақ](#), көгершін, торғай тәрізділер көп тараған.

Облыстың өзен-көлдерінде балықтардың көптеген түрлері бар. Кәсіптік маңызы бар балық түрлерінен

[бекіре](#), [қорытпа](#), [шоқыр](#) т.б. балықтар кездеседі. Облыс суларында [шортан](#), [сазан](#), [жайын](#), [майшабақ](#), [қаракөз](#) т.б. кең тараған. Жалпы Каспий теңізінің Атыраулық аймағында бағалы балықтардың 122-ден астам түрлері кездеседі. Қосмекенділер мен бауырмен жорғалаушылардың 50 ге жуық түрлері тараған, кемірушілердің 27 түрі бар. Атырау облысында аңдардың 55 түрі, оның ішінде жыртқыш аңдардың 12 түрлері бар. Олардың кең таралғандары: [қасқыр](#), [түлкі](#), [қарсақ](#), жанат тәрізділер, [қабан](#), [киік](#). Облыстың пайдалы қазындылары, әсіресе мұнай-газ кендерін қарқынды игерудің нәтижесінде хайуанаттар дүниесінің таралу кеңістігі жылдан-жылға тарылуда, түр саны азаюда, тіршілік аумағы күннен-күнге кемуде.

Экономикасы және инвестициялық әлеуеті

Аймақ экономикасының негізін мұнай өндіру құрайды. Атырау облысының ірі кәсіпорындары: [«АМӨЗ» ЖШС](#); [«Ембімұнайгаз» АҚ](#); [«Теңізшевройл» ЖШС](#); Солтүстік Каспий операциялық компаниясы (NOC) Атырау облысы Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан аймақтарының бірі және әлемнің 50-ден аса елдерімен тығыз ынтымақтастықта.

Атырау мұнай өңдеу зауыты

Бұнда 1000–нан аса біріккен және шетел кәсіпорындары құрылып, сәтті жұмыс жасауда. Олардың қатарында мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындар бар: [«Tengizchevroil» ЖШС](#), «North Caspian Operating Company» ЖШС, «Fluor Kazakhstan Inc.» ЖШС және басқалар. Атырау облысының экономикалық дамуының негізгі бағыттары: мұнай-химия, мұнай-газ машина жасау, құрылыс индустриясы, агроөнеркәсіптік кешен және балық аулау. Облыс әр түрлі табиғи ресурстардың қорларына бай. Соның ішінде: бораттар, бор, тұз рудалары, ас тұзы, калий тұздары, құрылыс материалдары. Өңірге тікелей шетел [инвестицияны](#) тарту және инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. ^[1] Екіжақты халықаралық қатынастарды дамыту мақсатында, инвестициялық әлеуеті зор аймаққа жыл сайын алыс және жақын шетелдерден делегациялар келіп кетеді. Атырау облысында жыл сайын «Global Oil&Gas Atyrau» мұнай-газ көрмесі өткізіліп, көрмеге әлемнің 150-ден астам елі қатысады. Аймақтағы отандық және шетелдік инвесторларға сапалы және жедел көмек, ақпараттық-аналитикалық және сервистік қолдау көрсету мақсатында «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ, «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және «Atyrau Innovations» ЖШС секілді мекемелері тиісті қызмет атқарады. Сонымен қатар, бүгінде облыста бірқатар шетелдік визалық орталықтар жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығы

Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешені өңірдегі экономиканың маңызды секторларының бірі болып есептеледі, ауылдық жерлерде облыс халқының жалпы санының 42,7% өмір сүреді.

Түйе шаруашылығы бойынша Атырау облысы Республикада алдыңғы қатарда

Облыстың ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі 9,8 млн.гектарды құрайды. Облыстың ауыл шаруашылығы мал өсіруге, әсіресе қой және ірі қара, жылқы, түйе өсіруге маманданған. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі ұлттық бағдарламаға сәйкес ауыл шаруашылығында түбегейлі экономикалық реформа жүзеге асырылды. Климат жағдайы мен топырағының құнарсыздығына байланысты облыста егін шаруашылығы өркендемеген. Жайық өзенінің төменгі ағысымен Еділдің тарамдарында Махамбет, Құрманғазы, Индер ауданының шаруашылықтары картоп, көкөніс және бау-бақша өсірумен айналысады. Облыс ауыл шаруашылығында негізгі сала мал шаруашылығы болып есептеледі. Мал шаруашылығымен облыста Исатай, Құрманғазы, Индер және Қызылқоға аудандары айналысады. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі - 19528,1 млн теңгені, нақты көлем индексін 99,7% құрады. Ет өндіру - 47,0 мың тоннаны немесе 102,1%, сүт өндіру - 54,2 мың тоннаны (100,5%), жұмыртқа өндіру - 1,84 млн дананы (100,2%) құрады. 2010 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ірі қара мал - 182,3 мың басты немесе 102,8%, қой және ешкі - 619 мың басты (103,1%), түйе - 31,7 мың басты (102,5%), жылқы - 46 мың басты

(103,9%) құрады. 2011 жылдың 1 қаңтарына ауыл шаруашылық құрылымдарының жалпы саны 2008 бірлік құрады, соның ішінде 79 өндірістік кооператив, 1929 шаруа қожалығы болды.^[3]

Көлік және байланыс

Атырау облысының көлік жүйесінің дамуына оның Орал және Еділ бойы экономикалық аудандармен көрші жатуы және Орта Азия республикаларымен транзиттік-экономикалық қатынастарының жолындағы қолайлы географиялық орны үлкен әсерін тигізді. Қазіргі таңда Атырау облысында көліктің барлық түрлері де дамыған. Оның құрамында: темір жол, автомобиль, су жолы, әуе жолы және құбыр желісі кіреді.

Темір жол көлігі.

Атырау облысында алғашқы тар табанды ұзындығы 92 шақырым [темір жол](#) 1925-26 ж. Гурьев-Доссор аралығында салынды. Ұзындығы 517 шақырым Қандыағаш-Гурьев темір жолы 1938 жылы басталып, Ұлы Отан соғысы кезінде іске қосылды. 1966 жылы ұзындығы 700 шақырым Мақат-Маңғыстау темір жолы желісі пайдалануға берілді. 1970 жылы ұзындығы 333 шақырым Атырау-Астрахань темір жолы, 1989 жылы Мақат-Индер темір жолы іске қосылды.

Әуе көлігі

Атырау облысының әуе жолы өз дамуын 1931 жылы ашылған Баку-Астрахань-Гурьев-Ембі маршрутынан бастайды. 1935 жылы Ақтөбе- Гурьев, Орал-Гурьев рейстері ашылды. 1940 жылдың ақпан айында Гурьевте қазақ басқармасының 244-ші авиаотряды құрылды. Машиналар паркінде негізінде ПО-2 моделдері болды. Бүгінде ескірген әуе көліктерінің орнына осы заманғы жаңа лайнерлер келді. [Әуежай](#) жаңа техникамен жабдықталып, жаңадан ұшу- қону алаңдары үлкейтіліп, аэровокзал кешені салынды.

Автомобиль көлігі

Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы 2752 шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық жолдар 900 шақырым, жалпы қолданатын жергілікті жолдар 1762 шақырым. Атырау-Ақтау автожолының облыс аумағындағы ұзындығы 270 шақырымды құрайды. Ұзындығы 488 шақырым Атырау-Орал автомобиль жолы бар. Атырау-Астрахань автожолдарын қайта жаңарту басталды.

Су жолы көлігі

Жайық өзенінде кеме шаруашылығы 1925 жылы ұйымдастырылған болатын. 1927 жылдан бастап Жайық өзені арқылы Атырау-Орал аралығында жүк тасымалы жүргізілді. 1964 жылы Гурьев өзен порты құрылып, оны жабдықтау жүк көтеретін техникадан басталып, флот теплоходтармен, буксирлермен толықтырылды. 1982 жылы өзен порты қайта жаңартылып, механикаландырылды. Мұнда үш [көтергіш краны](#) қондырылып, темір жол тартылды. 1999 жылдан бастап Жайық-Каспий теңізі каналы арнасын тазарту, қазу жұмыстары басталды.

Құбыр көлігі

1934 жылы ұзындығы 830 шақырым Каспий-Орск мұнай құбыры салынды. Атырау облысының территориясымен мемлекет аралық маңызы бар транзитті мұнай және газ құбырлары өтеді. Олар: Орта Азия-Орталық газ құбыры, ұзындығы 1500 шақырым 1968-70 жылдары салынған Өзен-Атырау-Самара мұнай құбыры, 1989 жылы салынған ұзындығы 678 шақырым Теңіз-Атырау-Грозный мұнай құбыры. Қазақстан мұнайын дүниежүзілік рынокқа шығару үшін 2001 жылы ұзындығы 1580 шақырым жылына 67 млн. тонна мұнай өткізу қабілеті бар Теңіз-Новороссийск мұнай құбыры іске қосылды.

Облыстың басты газ құбырының ұзындығы 3058 шақырым, жылына өткізу қабілеті 40,8 млрд. текше метр.

Облыстың басты су құбыры Астрахан-Маңғыстау тұрба құбыры.

Байланыс кәсіпорындары:

Атырау. Қазақтелеком

Облыстық телекоммуникация дирекциясы

Облыстық радиотеледидар арқылы тарату орталығы

"Қазпошта" АҚ Атырау филиалы

[Altel](#) ұялы телефон байланысы

[Kcell](#) ұялы телефон байланысы

[Beeline](#) ұялы телефон байланысы

[Tele2](#) ұялы телефон байланысы

Туризм

Аймақ экономикасының басым және аса мән беріліп жатырған бағыттарының бірі туризм саласын дамыту. Әлемнің 50-ден астам елінен 1000 астам шетелдік және бірлескен компаниялары қызмет етуі Іскерлік туризмнің қарқынды дамуына ықпал етуде. Атырау облысында туризмді дамытудың орны ерекше. Каспий маңында орын тепкен Атырауда туризм саласын дамыту үшін қолайлы аудан ретінде толық қарастыруға мүмкіндік бар. Болашақта емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, спорттық, экологиялық, экстрималдық түрлерін дамытуға мүмкіндіктер бар. Спорттық туризмді дамытуда балық аулаудың өзіндік үлгісін ұсына аламыз. ^[14]

Атырау облысы бойынша да жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі бекітіліп, оған 313 ескерткіш (525 нысан) кірген. ^[15]

Сарайшық мемориалды кешені

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Бұл нысанға Атырау облысы бойынша Иманқара кешені кіреді. Иманқара кешені – Иманқара тауының батыс сілемдерінің етегінде орналасқан ерте темір дәуірлік үңгір.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа Атырау облысы бойынша Аралтөбе кешені мен Сарайшық қалашығы кірген. Аралтөбе қорғандар тобы. Бұл жерден [-Алтын киімді адам](#) табылған. Сарайшық қалашығы қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі

3. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұл нысанға [Ұшқан ата](#), Ақмешіт қорымдары, [Құлшан ата](#) жерасты мешіті кіреді.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы кесенелері кіреді.

Осы шаралар арқылы туризмді дамытуға жағдай жасай отырып, өлкемізді шетелдік қонақтарға таныстыруға мүмкіндіктер бар. ^[16]

Халық ағарту ісі

[Қазан революциясына](#) дейін облыс орталығында 1-гимназия, екі сыныптық орысша-қазақша училище, 2 приход және 2 дін мектебі жұмыс істеген. Уездік халық ағарту бөлімі жанынан сауатсыздықты жою жөніндегі комиссия құрылып 24 мектеп ашылып, 600 адамды қамтыған. 1924-25 жылдар аралығында бірінші басқышты 40 [мектеп](#), оның төртеуі [интернат](#) болып ашылған. 1938 жылы 12 ақпанда облыстық атқару комитеті, сонымен бірге облыстық халық атқару бөлімі құрылды. Бақсай, Жылыой, Мақат, Қызылқоға, Теңіз, Индер, Маңғыстау аудандары Гурьев облысына қарады. Облыстағы білім беру жүйесі, жалпы орта білім беру, [мектептен тыс тәрбие](#) беру мен оқыту, кәсіптік-техникалық білім беру, орта арнаулы білім беру, [жоғары білім беру](#), жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім – кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау салалары қалыптасып дамыды. ^[17]

Дамбы ауылындағы "Ынтымақ" балалар бақшасы

Тәуелсіздік жылдарында Атырау облысы білім беру саласы қарыштап дамыды. 1991 жылы 17 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы жұмыс жасаса, 2000 жылдан бастап 8 оқу орны ашылып, бүгінгі күні техникалық және кәсіптік білім беруді 25 колледж жүзеге асырады.

Тәуелсіздік алғаннан бері дарынды балаларды қолдау және оларға жағдай жасау мақсатында

аймақта жаңа типтік үлгідегі білім беру ұйымдары: 7 мамандандырылған интернаттық мекемесі бар облыстық мектеп, 11 мектеп-гимназия, 3 мектеп-лицей, 1 лицей ашылды. 2020 жылдың 10 –қаңтардағы мәлімет бойынша Облыстың білім беру саласында 201 [балабақша](#), 129 мектепке дейінгі шағын орталық, 196 [орта мектеп](#), 5 жекеменшік мектеп, 25 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы (оның ішінде 8 – мемлекеттік емес), 3 арнайы түзету білім беру ұйымы, 45 қосымша білім беру ұйымы, 1 отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, 1 балалар денсаулығын оңалту орталығы, 1 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, 2 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 7 түзету кабинеті, 1 аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы, 1 облыстық әдістемелік орталығы жұмыс жасайды.

Денсаулық сақтау ісі

Атырау облысының тұрғындарына дәрігерлік жәрдем көрсету туралы алғашқы деректер 1927 жылға саяды. Сол кезеңде тұңғыш фельдшерлік орын ашылған. 1928 ж. Атырау облысының аудандары мен ауылдарына арнап медицина кадрларын даярлау ісі қолға алынды. 1936 ж. облыс халқына 36 дәрігер мен 279 орташа дәрежедегі медицина маманы қызмет көрсетті, жер-жерде 2074 орындық 6 [амбулатория](#) мен [аурухана](#) жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Атырау қаласына 2 госпиталь орналастырылды.

Соғыстан кейінгі жылдары медицина мекемелерінің жүйесі жедел қарқынмен кеңі түсті. 1967 жыл мен 1987 жылдың аралығында облыстық аурухананың, облыстық [балалар ауруханасының](#), облыстық [перзентхананың](#), облыстық онкологиялық және туберкулезді емдеу диспансерінің жаңа үйлері іске қосылды, ал 1975 жылдан бастап Қазақ туберкулез және онкология ғылыми-зерттеу институттарының бөлімшелері ашылды.

1998 ж. қазан айында облыстық аурухана жанынан күрделі инженерлік-техникалық аппараттармен жабдықталған жаңа клиника ашылды. Үш қабатты, ауданы 4500 м² жаңа ғимаратта орналасқан бұл аурухана өзінің оташылық-реанимациялық, күйік емдеу бөлімшелерімен дүниежүзілік деңгейде жұмыс істейтін емдеу орнына айналды.

Қазіргі кезде облыс бойынша 136 денсаулық сақтау ұйымы медициналық көмек көрсетеді, оның ішінде 21 ауруханалық, 115 амбулаториялық-емханалық (8 емхана, 7 орталық аудандық ауруханалар, 55 дәрігерлік амбулатория, 12 фельдшерлік-акушерлік пункт, 23 медициналық пункт, басқа да 10 медициналық ұйым). 2018 жылғы 29 шілдеде Оңтүстік Кореяның Бундан Чанг клиникасымен меморандум жасалып, Меморандум шеңберінде Келісім бойынша Оңтүстік Кореяға білімін жетілдіруге жолдама арқылы 7 маман оқып келді. ^[8]

Әдебиеті, мәдениеті мен өнері

Әдебиеті.

[Қазтуған Сүйінішұлы](#) - [Нарын құмында](#) туған, 15 ғ-да өмір сүрген жырау.

[Шалкиіз Тіленшіұлы](#) (1465—1560), Есет би, [Махамбет](#), [Шернияз Жарылғасұлы](#), [Қашқынбай Қожамбетұлы](#) (1830—1870), [Нұрым Шыршығұлұлы](#) (1831-1908), [Мұрат Мөңкеұлы](#), (1843—1906) т. б. — [Еділ](#) мен [Жайық](#), Ойыл мен Қиыл, [Жем](#) мен [Сағыз](#) атырабының ақындары.

Бұл ақындардың дәстүрлерін жалғастырған [Бала Ораз Өтебайұлы](#) (1837—1937), Хиса Көбжанұлы, Сәттігүл Жанғабылұлы (1876— 1966), Сұраубай Үттібайұлы (1887-1970), [Құмар Жүсіпов](#) (1905-1980) болды.

[Әбу Сәрсенбаев](#), [Хамит Ерғалиев](#), [Ғабдол Сланов](#), [Зейнолла Қабдолов](#)-Атыраудың талантты түлектері Олардың ізін ала халық ілтпатына ие болған [Фариза Оңғарсынова](#), [Жүмекен Нәжімеденов](#), Берқайыр Аманшин, Мағзом Сүндетов, [Нәбиден Әбуталиев](#), Марат Отаралиев, Мендекеш Сатыбалдиевтар болды. Республика тарихына енген талантты қаламгерлермен қатар драматург-жазушы [Берік Қорқытов](#), ақындар Жәрдем Тоғашев, [Аманқос Ершуов](#), Қадыр Жүсіпов, Сансызбай Охасов, [Өтепберген Әлімгереевті](#) атауға болады.

Мәдениеті мен өнері. 1957 жылы республика өмірінде тұңғыш рет облыс театрларының байқауы өткізілді. Байқау қорытындысында Гурьев театры бірінші жүлделі орынға ие болды.

Дина Нұрпейсова атындағы оркестр 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне жолдама алып, одақтар үйінің колонна залында өнер көрсетті.

Қазіргі Нұрмыхан Жантөрин атындағы облыстық филармония 1966 жылы ұйымдастырылды.

Филармонияның құрамында 3 эстрадалық ансамбль, 2 қуыршақ театры істеді. Олардың қатарынан «Атырау-Жайық» эстрада ансамблі ерекше атауға болады. 1980 жылы «Нарын» ансамблі құрылды. 1992 жылы «Нарын» ансамблі Монғолияға барып қайтты.

Қазақстан Республикасының халық артистері, киноактер [Нұрмыхан Жантөрин](#), биші [Гүлжан Талпақова](#), күйшілер [Бақыт Қарабалина](#), [Қаршыға Ахмедияров](#), [Әзидолла Есқалиев](#), [Айгүл Үлкенбаева](#), әнші [Ғафиз Есімов](#) Атырау топырағынан шыққан таланттар.

Басты мәдени кешендерден [Атырау облыстық драма театрын](#) және [Атырау облыстық өлкетану мұражайын](#) айтуға болды.